

2. Amabile, T. M., Schatzel, E. A., Moneta, G. B., & Kramer, S. J. Leader behaviors and the work environment for creativity: Perceived leader support. *TheLeadershipQuarterly*, (2018). 5– 32.
3. Anderson et al., What works for you may not work for (Gen)Me: Limitations of present leadership theories for the new generation. 2017 *TheLeadershipQuarterly* ,pp. 245-260
4. Алимбекова А.А., Бакыт А.Ж., Киякбаева Ю.К., Сураншиева М.К. Развитие лидерства студентов университета в деятельности студенческого самоуправления. *Труды Социальные и поведенческие науки*, 197 (2015), 2131-2136.
5. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. – М.: Наука, 1977. – 344 с.
6. Александровский Ю.А. Состояния психической дезадаптации и их компенсация. – М.: Изд-во Наука, 2017. – 271 с.
7. Аносов И.П., Приходько В.М., Приходько М.И. Социально-педагогические основы студенческого самоуправления как источник демократизации высшего образования (управленческий аспект). ООО «Издательский дом» ММД, г. Мелитополь, 2018 г, 78-81.
8. Грибович А., Кондур О., Мельник Ю. Актуализация лидерства как ключевой категории неэкономического сообщества: социокультурные и образовательные аспекты. *Вестник Прикарпатского национального университета имени Василия Стефаника*, 6 (1) (2019), 50-59.
9. Крашенко Ю.П. Особенности организации системы студенческого самоуправления. *Истоки педагогического мастерства. Серия: Педагогические науки*, 6 (2019), 255-262.
10. Майерс Д., Туенж Ж. “Әлеуметтік психология”. 12-басылым.- Алматы: “Ұлттық аударма бюросы”, 2018 ж.-648 бет.
11. Нортхаус Питер. Көшбасшылық: теория және практика – Алматы: “Ұлттық аударма бюросы” қоғамдық қоры, 2020 жыл. – 560 бет.
12. Потопа К.Л. Социально-педагогические условия организации студенческого самоуправления в высших учебных заведениях. Авторская исх. дис. для науки. звание кандидата пед. наука. Киев, 2016 г, 310-311.
13. Роббинс Стивен, Джадж Тимати. “Ұйымдық мінез-құлық негіздері”. 14-басылым. Алматы: “Ұлттық аударма бюросы” қоғамдық қоры, 2017 жыл.-560 бет.

РЕЗЮМЕ

Основное внимание в статье уделяется социальной психологии. В статье рассматривается, какие изменения личности претерпевает человек при переходе из одной социальной среды (школы) в другую (университет). Наряду с адаптацией человека в студенческой среде у него вырабатываются необходимые качества, анализируется его отношение к себе и процесс самооценки через социальное сравнение.

RESUME

The focus of the article is on social psychology. The article discusses what personality changes a person undergoes when moving from one social environment (school) to another (university). Along with the adaptation of a person in a student environment, he develops the necessary qualities, analyzes his attitude towards himself and the process of self-esteem through social comparison.

ӘОЖ: 37.043:159.9

Білім алушы: Құбашев Н.Т., Жұмабай А.Т., студент

Ғылыми жетекші: Молдағалиева М.С., оқытушы, магистр

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ,
Орал қ.

**«ҚҰРЫЛЫСЫ, ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚҰРЫЛЫС»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ БІЛІМ
АЛУШЫЛАРДЫҢ SOFT SKILLS DAҒДЫЛАРЫН ЗЕРТТЕУ**

АННОТАЦИЯ

Әлемдегі зерттеулерге қарап, өмірдегі кез келген жұмыста өсу үшін кәсіби білімнің дағдылары ғана емес, онымен қоса адамның қосымша психологиялық аспектілері де маңызды екені көрінеді. Адамдардың осы қасиеттері жақсы дамыса, кәсіби салада және жеке салада үлкен табысқа ие болады.

Бұл қасиеттер - soft skills. Өмірдегі көтеген сәттіліктер осыған байланысты. Soft skills ағылшын тілінен аударғанда икемді және жұмсақ дағдылар деп аударылады. Бұл дағдылар кәсіби білімге емес, өмірлік тәжірибеге жатқызылады. Бұл ұғым - жұмыстың маманданбаған түрімен және кәсібіден жоғары сапалармен байланысты дағдылар кешені.

Soft skills адамның жұмыс әрекетімен тікелей байланысты болмаса да, өнімділікті жоғарылатуға және берілген тапсырмаларды тез әрі тиімді орындауға көмектеседі. Сонымен қатар, жұмыс берушілер көбінесе икемді дағдылары бар адамдарды жұмысқа алғысы келеді. Жұмсақ дағдыларды өлшеу қиын, бірақ олардың әрбіреуі талғампаз адамға бірден көрінеді. Көптеген адамдар туғаннан бастап жұмсақ дағдыларға ие, олар үшін бұл дағдылар қарапайым, өте табиғи. Және де көп адамдар соны дамытуға өте үлкен күш салады, бірақ барлығы да табысқа жете бермейді.

Жұмсақ дағдылар – оқу орнында және еңбекте табысқа жету үшін жеке қасиеттер. Жұмсақ дағдылар өз қажеттілігіне тікелей қатысты қиын дағдылардан ерекшеленеді. Олар жиі сандық сипатқа ие және үйрену оңайырақ. Мысалы, машина детальдарын құрастырғанда оған тек үйренген санап, есептеу қабілеті керек.

Сіздің оқу болсын немесе еңбек қызметіне қарамастан, бәрібір де жұмсақ дағдылар қажет болады. Жұмысқа қабылдаушылар мамандардың қарым-қатынас жасай алатын білікті мамандарды алады. Бұл Soft skills дағдыларды үйрену қиын, сол себепті жұмыс қабылдаушылар жұмысқа орналасуға үміткерлердің осы дағдыларға сай ма, жоқ па білгісі келеді.

Жалпы мәліметтерді қорытындылай келе, Soft skills («жұмсақ», «икеменді» дағдылар) – оқу және еңбек процесінің оңай, әрі қарай жақсы өткізілуіне, сапалы жұмыстың өнімділігін қажет етеді. Нақты пәнге қатысы жоқ мамандандырылмаған, кәсіби емес дағдылардың жиынтығы деген қорытындыға келеміз.

Біріншіден, Soft skills-ке қандай дағдылар кіреді, соны қарастырайық. Оған шығармашылық, сендіру қабілеті, топпен жұмыс жасау білу, тайм менеджмент кіреді.

Түйінді сөздер: жұмсақ дағдылар, жалпы түсінік, маңызды белгілер, эмоционалды, көшбасшылық, шығармашылық, тайм-менеджмент.

Кіріспе. Университетімізде педагогтары білім алушылармен бірлесе атқаратын ізденіс жұмыстарын атқаруда, бұл білім алушылар үшін өте маңызда болып табылады. Болашақта оқуда немесе еңбек саласында адамдармен жақсы қарым-қатынас жасай білу, көпшілік ортада өзін ұстай білу, сөз сөйлеу, уақыттарын дұрыс пайдалану, креативті ойлау т.с сияқты мәселелер талқылап баяндалса өте пайдасы зор. Қосымша ізденіс жұмыс істейтін педагогтердің кәсібилігіне, оның қажетті құзыреттілігі мен дағдыларын дамытуға қойылатын міндеттер артып келеді[1, 1236]. Мұндай жоғары талаптар білім алушылармен үнемі байланыста болады, сондықтан олардың қарым-қатынаста, командамен жұмыс жасау, тайм-менеджмент, шығармашылық ойлау, тұлғалық дамуына және жас деңгейіне қажетті дағдылар мен білім алуына ықпал етеді. Кәсіби бағдарламаны толығымен меңгеру


үшін креативті, жауапты, көпшілік алдында сөйлей алатын, өз көзқарасын қорғай алатын, басқаша айтқанда, soft skills жұмсақ дағдыларды игеруі керек[2, 4656].

Зерттеудің мақсаты. Құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс білім бағдарламасы бойынша 1-курс білім алушыларының soft skills жұмсақ дағдыларының дамуын қалыптастыруға сауалнама, тренинг әдістермен тәжірибелеу арқылы ұйымдастыру мен тәжірибе нәтижесін тексеру.

Зерттеудің әдістері. 1-курстың «Құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс» білім бағдарламасы бойынша білім алушыларына сауалнама жүргізу, тренинг, белсенді әдісін пайдалану, зерттеу нәтижелерін өңдеу.


Зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі. Жұмсақ дағдылардың мәні мен түсінігі талданады. Жұмсақ дағдылардың маңыздылығын және студенттердің әмбебап құзыреттіліктерін бағалауды ашатын студенттер сауалнамасының нәтижелері ұсынылған. Сауалнама нәтижелері бойынша болашақ инженер-құрылысшы мамандарды ойдағыдай даярлау мақсатында жұмсақ дағдылардың барлық құрамдас бөліктері бойынша тұлғалық қасиеттерді дамыту бойынша тәрбие жұмысы аясында қосымша оқу бағдарламалары мен басқа да іс-шараларды әзірлеу ұсынылады.

Жұмсақ дағдылар психология ғылымында білім алушылардың жалпы нәтижеге қабілетін, ынтасын, жігерін, саналы түрде жиынтығы деп анықтайды[3, 2306]. Ал білім алушылар үшін ең маңызды жұмсақ дағдылар – белгілі бір мақсат жету үшін жігерлендіру процесі. Студенттердің өмірге деген талпынысын университеттен және әлеуметтік ортадан алады.



Сурет 1 - курс білім алушыларына 1-сауалнамалық талдау

Осыған қарап, әрине Soft skills бағдарламасы білім алушылар үшін маңызды екенін түсінеміз[4, 606]. Білім беру бағдарламасы жеке ортада немесе қоғамда білім алушы өзін сенімді, еркін, өз ойын анық, нақты айтуға, байсалды ұстауы, міне дәл осы Soft skills бағдарламасына байланысты. Соған орай біздің университетіміздің «Құрылыс, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс» білім беру бағдарламасының бірінші курстың 20 білім алушыларына арнайы тәжірибеге таңдап, сауалнама жүргізілді.



Сурет 2 - курс білім алушыларына сауалнамалық нәтижесінің пайызы


Сауалнама нәтижесі бойынша 1-курс білім алушылардың сурет - 1 жауаптарының «иә» деп эмоционалдық интеллект - 8 студент, көшбасшылық құзыреттілік - 7 студент, шығармашылық ойлау - 9 студент, тайм-менеджмент - 6 студент жауап беріп оның «иә» - 53% «жоқ» - 47% құрап отыр. Сурет - 2 сауалнама нәтижесі бойынша «жоқ» жауап берген студенттер 6 % -ға жоғары. Бұның себебі біздің ойымызша тәжірибелерінің аздығымен қосымша ақпараттардың болмауына байланысты деп ойлаймыз.

Тәжірибеге төмендегі тақырыптар бойынша тренинг, топтық жұмыстар жүргізіліп талқыланып, баяндады[5].


1 кесте - оқу үдерісінде білім алушылардың Soft Skills дағдыларын арналған тақырыптары

№	Тренинг тақырыбы	Мазмұны
1	Эмоционалдық интеллект	ЭИ бұл эмоцияларды, ниеттерді, мотивацияларды, олардың және басқа адамдардың тілектерін тану және басқару қабілеті. Дағды практикалық міндеттерді шешуге және өмірде және жұмыста қойылған мақсаттарға жетуге көмектеседі. ЭИ дамыған адамдар басқа адамдармен келісе алады, шешім қабылдай алады және жағымсыз жағдайларға дұрыс жауап бере алады[6].
2	Көшбасшылық	Білім алушыларды ұйымдастыру, сендіру, бағыттау, мақсатқа бағыттау және жігерлендіру- көшбасшының қызметі ретінде қарастыру [7, 706].
3	Шығармашылық ойлау	Шығармашылық ойлау фактілерді талдаудан бастап миға шабуылға дейін басқалармен жұмыс істеуге дейінгі инновациялық мәселелерді шешу процесін қамтиды [8, 1106].
4	Тайм-менеджмент	Уақытты басқару-уақытты басқару әдістері. Сонымен қатар-өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі басқару әдістері. Уақытты басқару адамға немесе оқуға немесе еңбеке уақытты жоспарлауға және ресурстарды үнемдеуге көмектеседі [9, 996].

1-курс білім алушыларына топқа бөлу арқыл тренинг жұмыстарын ұйымдастыру өз ойларын айту арқылы кері байланыс орнату. Бұл әдіс білім алушылардың еркін сөйлеуге, ортамен қарым-қатынас кезінде өзін ұстау ерекшеліктерін меңгеру арқылы немесе білім алушының әртүрлі ойлау жүйесі арқылы жасалады[10]. Ізденіс жұмысының нәтижелері тренинг жұмыстары, проблемалық мәселелерді шешу, миға шабуыл, пікірталастар, әдістерімен жұмыстанып, қайтадан сауалнама жүргізу арқылы қорытындылады.



Сурет 3 - курс білім алушыларына 2-сауалнамалық талдау



Сурет 4 - курс білім алушыларына сауалнамалық нәтижесінің пайызы

Сауалнама 1-курс білім алушылардың жауаптарының сурет-3 бойынша «иә» деп эмоционалдық интеллект» -13 студент, көшбасшылық құзыреттілік -15 студент, шығармашылық ойлау -14 студент, тайм-менеджмент -11 студент жауап беріп оның 66%-пайызды құрап отыр. Сауалнама нәтижесі бойынша сурет-4 «иә» деп жауап берген студенттер 32% -ға көбейді. Бұл деңгейге тренинг, топтық жұмыс, пікірталас әдістері арқылы, көздеген мақсаттарға жетті.

Қорытынды. Біздің университетіміздің 1-курстың «Құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс» білім бағдарламасы бойынша білім алушыларына сауалнама, тренингтер өткізу арқылы, олармен жақын танысып, жұмсақ дағдылардың бар жоғын анықтадық. Зерттей келе, олардың көпшілігінде Soft skills дағдылары бар екенін көрдік. Орташа есеппен алғанда бұл қасиеттер сауалнама өткізген студенттердің арасында 47%-ында дамыған. Тренинг өткізу арқылы soft skills-ты одан әрі дамытуға күш жұмсап, 66%-ға дейін көтердік. Зерттеулерді қорыта келе, білім алушылардың жұмсақ дағдылары эмоционалдық интеллектісін, көшбасшылық құзыреттілікті, шығармашылық ойлауды, уақыттарын тиімді пайдалануға ынталандыру, танымдық қызығушылықтар мен білімін арттырып, жаңаша әдістер арқылы тиімді қолдану[11, 180б]. Яғни, оқу әрекетіне икемділік және сын қабылдау, команда құру, жауапкершілік, мәселені тез шеше білу, үйрену қабілеті, уақытты басқару, стресске қарсы тұру, күнделікті жұмысқа дайындауға деген қызығушылықтарын туғызады[12]. Бұл бағытта білім алушылардың жетістікке жетуінің бірден-бір себебі. Білім мен еңбек саласына қалыптастырудың психология пәні бойынша Soft skills дағдыларының нәтижелеріне сәйкес зерттеулер жасауға ықпал етті [13, 80б].

Білім алушылардың soft skills жұмсақ дағдылары мен кәсіби шеберлігін, шығармашылық қасиеттерін, ой-өрісін кеңейту, тиімді қалыптасуына психология пәні бойынша жұмсақ дағдыларын ынталандыру әртүрлі жаңа әдістер арқылы тәжірибеленуі болды. Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе тәжірибедегі білім алушылардың оқу талаптар білім алушылармен үнемі байланыста болуы, сондықтан олардың қарым-қатынаста, командамен жұмыс жасау, тайм-менеджмент, шығармашылық ойлау жайлылығын қамтамасыз етуі, үйлесімді дамуына және жасына қажетті дағдылар мен білім алуына ықпал етуі керек[14, 100б]. Кәсіби стандарты толығымен орындау үшін креативті, жауапты, көпшілік алдында сөйлей алатын, өз көзқарасын қорғай алатын, басқаша айтқанда, жұмсақ дағдыларды игеру зерттеу тәжірибесінде жақсы нәтижемен анықталды[15]. Сол деңгейден түспеу үшін әрдайым білім алушылар қажетті ақпараттарды игеріп, қарастырып, зерттеп әртүрлі сапалы мәліметтерді толықтырып отырса, пайдасын жалпы оқу мен еңбекке пайдасына асырар еді. Тәжірибедегі ақпараттарды қолдана отырып, көздеген мақсаттарға жетуге болатынын дәлелдейді. Сондықтан да білім алушылардың soft skills жұмсақ дағдылардың қасиеттерін тану өте маңызды процес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Галиев Т.Т., Есекешова М.Д., Бекбаева Ж.С. Вопросы формирования критического мышления на основе системного подхода// «Наука и жизнь Казахстана». -Международный научно-популярный журнал. - №4 (60). - 2018. - С. 122-125.
2. Осадчук О.П., Гальянская Е.Г. Современные методологические подходы к исследованию педагогических процессов // международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – М., 2016. – № 3-3. – с. 463-467; URL: <https://applied-research.ru/ru/article/view?id=8756>.
3. Яркова, Т.А. Формирование гибких навыков у студентов в условиях реализации профессионального стандарта педагога / Т.А.Яркова, И.И. Черкасова 100// Вестник Тюменского государственного университета. Гуманитарные исследования. Humanitatis. – 2016.-№ 4. – Том 2. – С. 222–234.
4. Долибужко А., Герман М., Краковецкая И. повышение конкурентоспособности выпускников университета на рынке труда: Enactus // возможности формирования прочных и мягких навыков в международной программе. 2018. № 1. С. 57-74.
5. Гончарова А. В. создание условий для реализации компетентностного подхода в обучении и развитии персонала // Human progress. - 2018. - Том 4.
6. Ивонина А. и, Чуланова О. Л., Давлетшина Ю. М., современные направления теоретических и методических разработок в области управления: роль soft-skills и hard skills в профессиональном и карьерном развитии сотрудников, Интернет-журнал "Наука", 2017
7. Карпенко, Е. З. избыточная занятость учащейся молодежи как фактор снижения качества человеческого капитала // региональные проблемы трансформации экономики. - 2015. - № 8. - С. 69-75.
8. Мазниченко М. А., Папазян Г. С. педагогические условия личностного и профессионального роста студентов в рамках волонтерской деятельности // 2018. No 2 (220). С. 103-113.
9. Патлина А. С., Попова Е. Д. сетевое взаимодействие университетов и школ как условие формирования soft skills у студентов // педагогический имидж. 2017. No 2 (35). С. 94-103.
10. Ананьева, т. десять компетенций, которые будут востребованы в 2020 году [Электронный ресурс] / т. Ананьева.
11. Бакшаева, Н.А. Психология мотивации студентов: учебное пособие [Текст]/ Н.А. Бакшаева, А.А. Вербицкий. - М.: Логос, 2016. -184 с

12. Эндрю Поллард Рефлексивті оқыту негіздері / Эндрю Поллард//Алашты: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры -2020-7286.ISBN 978-601-7621-11-7
13. Тойбазарова Н.А. Интербелсенді оқыту технологиясы. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» унив. баспасы, 2019. – 89 бет.
14. Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. Оқу құралы. – Астана, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2013. – 279 бет.
15. Huang J, Hegele M and Billino J (2018) Motivational Modulation of Age-Related Effects on Reaching Adaptation. Front. Psychol. 9:2285. doi: 10.3389/fpsyg.2018.02285

ӘӨЖ 331.56

Білім алушы: Қуандықова М.Ә., студент

Ғылыми жетекші: Ахметжанова Н.А., э.ғ.м., аға оқытушы

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰЛДЫРАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫССЫЗДАР САНЫНЫҢ КҮРТ АРТУЫ

АННОТАЦИЯ

Экономикалық дағдарыс-бұл дағдарысты, тоқырауды, жандануды және көтерілуді үнемі қамтитын үздіксіз өндіріс циклінің кезеңдерінің бірі. Бұл нарықтық жағдайдың күрт нашарлауымен, ұлттық экономиканың тұрақсыздығымен және қоғамдық өндірістегі үйлесімсіздіктің күшеюімен сипатталады. Экономикалық дағдарыс тауарлық капиталдың шамадан тыс өндірілуінен (сатылмаған өнім санының ұлғаюынан), өндірістік капиталды шамадан тыс қаржыландырудан (бос тұрған өндірістік қуаттың толық қуатына ұлғаюы, жұмыссыздықтың өсуі), ақша капиталын шамадан тыс қаржыландырудан (өндіріс үшін сатылмаған ақша санының артуы) көрінеді. Экономикалық дағдарыстың жалпы нәтижесі өндіріс шығындарының өсуі, бағалар мен пайданың төмендеуі, жалақы және жалпы халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі болып табылады. Дағдарыс-нарықтық экономиканың өзін-өзі реттеу механизмінің маңызды белгісі. Бұл шектеулер тауып қана қоймай, ынталандыру міндетін орындай отырып, экономиканың дамуына серпін береді. Циклдік дағдарыс ұлттық экономиканың барлық салаларын қамтиды. Тұрақты емес дағдарыстарға аралық, ішінара, секторлық және құрылымдық дағдарыстар жатады. Жұмыссыздық-бұл әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Жұмыссыздыққа байланысты экономикалық белсенді халықтың бір бөлігі жұмыс істемеуге мәжбүр. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық критерийі ретінде жұмыссыздыққа деген көзқарас уақыт өте келе өзгерді. 20 ғасырдың басында, әлемдік ауқымдағы жұмыссыздық деңгейі жоғары болған кезде, жұмыссыздық - бұл әлеуметтік зұлымдық, қатал цикл және онымен барлық құралдармен, соның ішінде мемлекеттік реттеудің міндетті құралдарымен күресу керек деген пікір болды. Кейінірек, 20 ғасырдың ортасында әлеуметтік-еңбек қатынастарының дамуымен және нарықтық экономикалық қоғамдардың құрылуымен жұмыссыздыққа жаңа көзқарас қалыптасты. Қазір бұл әлеуметтік құбылыс болып саналады, ол уақытша және мемлекет үшін маңызды проблемаға айналмайды деген пікір бар. Көптеген экономистер жұмыссыздықты тұрақты әлеуметтік-экономикалық құбылыс деп санайды.

Кілттік сөздер: экономика, дағдарыс, жұмыссыздық, өндіріс, құлдырау, халық, экономист.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қазақстан аймақтарындағы жұмыспен қамтудың ағымдағы жағдайын кешенді және толық бағалауды қамтамасыз ету үшін келесі әдістерді пайдаландым: